

**Н. Сәдуақасов, 3-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: М. О. Лұқпанов, жедел іздестіру және режим қызметі**  
**кафедрасының оқытушысы**  
**(Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы)**

## ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ҰЙЫМДАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тәуелсіз мемлекетіміз саяси-экономикалық, әлеуметтік салаларда көптеген маңызды жетістікке қол жеткізді. Қазақстан егеменді ел ретінде қалыптасу кезеңінен өтті және дүниежүзілік қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналды. Елімізде азаматтық және бейбітшілік пен ұлтаралық келісім қамтамасыз етілді. Діни-саяси экстремизм өздерінің көптеген саяси мақсатына жету үшін мемлекетті құлату және билікке қол жеткізу жолында іс-әрекет жасайды.

«Қылмыстық» лаңкестік деп аталатын қауіпті мәселе қазіргі таңда мазасыздық тудырады. Қолдан жасалған жарылғыш заттар мен штаттық оқ-дәрілердің жиі жарылуы, криминалды топтар арасындағы қарулы қақтығыстар, «тапсырысты» кісі өлтірулер қазіргі уақытта толастамай отыр.

Лаңкестік пен экстремизмнің таралуы мүмкін көздердің бірі ретінде Орта Шығыстың Орталық Азия аймақтарынан Қазақстанның аумағы арқылы заңсыз өтетін контрабандалар, оның ішінде есірткі тасымалы осы экстремистік іс-әрекеттің бірден-бір нысаны болып тұр.

Экстремистік қызметке қарсы күрес мынадай қағидалармен көрініс табады:

- адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;
- заңдылық;
- жариялылық;
- ҚР қауіпсіздігін қамтамасыз ету басымдылығы;
- экстремистік қызметті ескертуге бағытталған басымдылық шаралары;
- мемлекеттің экстремистік қызметке қарсы бағытталған қоғамдық және діни ұйымдар, басқа да ұйымдармен, азаматтармен қарым-қатынаста болып, тікелей жұмыс жасауы;
- экстремистік қызметті жүзеге асырушыларды заңмен жазалау<sup>1</sup>.

Қазіргі қоғамда әртүрлі дінді ұстанушы адамдар арасында тартыс пен қайшылықты болдырмау абзал. Бүгінгі таңда қоғам үшін ақпараттық саланың маңызы зор екенін бәріміз де жақсы білеміз.

Терроризм мен діни экстремизм осы заманға тән әлеуметтік қатерге айналды. Осыған байланысты өскелең ұрпақты қоғамда белең алған қауіп-қатерден құлағдар етіп отыру маңызды. Дәстүрлі емес діни бірлестіктер мен деструктивті секталардан келетін қауіп-қатерді оқушылардың біліп жүргені дұрыс.

Қазіргі замандағы діни экстремизм — бұл барша адамзат проблемасы. Ол қиын, әрі түсініксіз. Проблеманың күрделілігі ХХІ ғасырдың бұл дертімен күресудің әсерлі және тиімді жүйесін жасауда анықталған қиындық туғызатын «экстремизм» терминінің әлі күнге дейін нақты анықтамасының жоқтығында.

Заң нормаларын түсіндіру барысында жастарға ерекше назар аударылады. Себебі қазіргі таңда жастар дін жолын дұрыс ажырата білмеуден діни экстремистік ұйымдар жолына түсіп кетіп отыр.

Дін істері департаментінің статистикалық қорытындысы бойынша қазіргі таңда діни экстремистік ұйымдар мен секталар Қазақстан аумағының территориясында орналасқан.

Соның ішінде ең танымалдылары: Хизб-ут-Тахир, Вахабиттер, Таблиги Жамағат, Алля-Аят, «Свидетели Иеговы», «Солдаты Халифата» т. б. діни бірлестіктер ұйымы. Осы ұйымдар

өздерінің «Джихад» майданын құрып, Қазақстан Республикасының саясатына тығыз араласып, мемлекеттің тұрақтылығын әлсіретуде<sup>2</sup>.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білікті, алғыр әрі жалынды жастар қолында. Қай заманда болмасын, қоғамның негізгі күші — кейінгі ұрпақ. Қазіргі кезде тәуелсіз еліміздің іргесін нығайту жолында жас ұрпақты заман көшіне сай қалыптастыру, рухани және адами қасиеттерді қалыптастыру ең басты мәселелердің бірі болып отыр.

Жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие — ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады.

Бүгін жұртшылық арасында діннің беделі артуда, діни нанымдар мен діни бірлестіктердің саны күн сайын өсіп келе жатқаны сөзсіз. Біз конфессиялық сан алуандылығымен ерекшеленетін әлемдегі санаулы елдің біріміз.

Қазақ елі діни көзқарасы терең, діни мәдениеті жоғары ұлттардың қатарына жатады. Тек осы дәстүрді бүгінгі уақыттың ерекшеліктеріне сай тереңдете білуге тиіспіз. Себебі дін — жоғалтуға болмайтын рухани қазына. Әлемдік және ұлттық дәстүрлі діндер тарихын танып-білу жастарымызға рухани құлшыныстарының, олардың адамгершілік мүдде-мақсаттарының ортақтығын біліп-түсінуге көмектесетіні анық<sup>3</sup>.

Жастардың дұрыс діни санасы мен діни білімін қалыптастыру — бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Арнайы діни білімнің болмауы, шала сауаттылық та экстремизмге әкеліп соқтырады.

Қорыта келгенде, діни экстремистік ұйымдардың таралуын алдын алу үшін жастарға шынайы білім беріп, олардың білім көкжиегін кеңейтіп, адамгершілік тәрбиеде діни құндылықтарды пайдаланып, дұрыс дін жолын ажыратуға, экстремистік іс-әрекеттер жасауға қарсы тәрбие, насихаттау іс-шаралары жүргізілуі тиіс. Экстремизмнен құтылудың тағы бір жолы — халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайын оңалту<sup>4</sup>.

Жергілікті басқару және атқару органдары, соның ішінде құқық қорғау органдарының экстремизмге қарсы басқармалары өз аумақтарында тиісті жұмыстарды жүзеге асыруы тиіс.

Отбасы мүшелерін табыс көзі болып табылатын жұмыспен қамту, жастардың тегін әрі міндетті орта білім алуларын қадағалау т. б. Сонда ғана экстремистік ұйымдардың жоспарларына қарсылық көрсетіп, оның қате жол екендігін қарапайым тұрғындардың санасына жеткіземіз. Ал, мемлекеттік биліктің дұрыс жолда екендігін экстремизмге бел байлағандарға мойындатамыз.

<sup>1</sup> Закон РК «О национальной безопасности» от 26 июня 1998 г. // [oniine.zakon.kz](http://oniine.zakon.kz)

<sup>2</sup> Закон РК от 11 октября 2011 года №483-IV. «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» // [oniine.zakon.kz](http://oniine.zakon.kz)

<sup>3</sup> Терроризм в российском освободительном движении: идеология, этика, психология. — М., 2000. 15-с.

<sup>4</sup> Лутовинов В., Морозов Ю. Терроризм — угроза обществу и каждому человеку // ОБЖ. — 2000. — № 9. — 41-6.